



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

## БАСПАСӨЗ РЕЛИЗІ

Ұлттық Банк **ÁLIYA MOLDAĞULOVA. 100 JYL** коллекциялық монеталарын айналысқа шығарады

Астана қ.

2025 жыл, 14 қазан

Қазақстан Ұлттық Банкі (бұдан әрі – ҚҰБ) «Есте қалатын оқиғалар мен біртуар адамдар» сериясынан **ÁLIYA MOLDAĞULOVA. 100 JYL** коллекциялық монеталарын айналысқа шығарады.

Коллекциялық монеталар **2025 жылғы 15 қазаннан** бастап ҚҰБ-тың <https://kazcoins.nationalbank.kz> интернет-дүкені арқылы сатылады.

### **ÁLIYA MOLDAĞULOVA. 100 JYL** коллекциялық монеталары туралы

Монета Кеңес Одағының Батыры, Ұлы Отан соғысына қатысушы Әлия Нұрмұхамбетқызы Молдағұловаға арналған. Монета дизайнында батыр бейнесі портрет түрінде бейнеленген.

Brilliant uncirculated дайындау сапасымен, мельхиор (МН 25) қорытпасынан жасалған номиналы 200 теңгелік монеталардың салмағы 15 грамм, диаметрі 33 мм, таралымы 10 000 (он мың) дана.

### Монетаның бейнесі



Барлық монета Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында өзінің белгіленген құнына сай төлемнің кез келген түрінде қабылдануға міндетті. Сондай-ақ оларды елдегі барлық банкте банк шоттарына аударуға, ұсақтауға және айырбастауға болады.

Коллекциялық монеталар Қазақстан теңге сарайында дайындалды.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы ала алады:

+7 (7172) 77 52 10

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)